

«Ойын- мектеп жасына дейінгі баланың дамуының негізі ретінде»

Ойын – балалық шақтың ең бір керемен кезеңі. Бұл арқылы бала қоршаған ортаны, өмір сүріп жатқан айналасындағы құбылыстар мен заттарды барынша түсініп, ұғынады.

Бала өміріндегі ойынның мәні ерекше. Себебеі, бала дүниеге алғашқы қадам басардағы әрекеті ойын болып табылады. Жас буынның өмірді тануы, еңбекке араласуы, психологиялық ерекшеліктеріде осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынның өзіндік шартты түрдегі мақсаты бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы жасалатын іс-әрекеттедің баршасы бала үшін өте қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі осы ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, киялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сұңғиді.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оку мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері үшкіндайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайты. Ойын арқылы бала тілін дамыту. Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі.

Ойынның негізгі ерекшелігі - балалар үн-тұнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайты. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.

Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнайды.

Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі. Бала бақылау, оқыған кітап, естіген ертегі арқылы айналасын таниды. Олардың түсінігі алғашқы кезде айқын болмайды. Тәрбиеші баланың түсінігін дидактикалық ойындар арқылы нақтыладап, дамытып саналы түрде түсінуін өрістетеді. Мысалы, бір заттың түсін атаңдар? Бояудың қандай түрін білесіндер? Үй жануарларының ұшеуін атаңдар. Бала дидактикалық ойын арқылы әр затқа байланысты жаңа білімді менгеріп, түсінігін тиянақтайты.

Әрбір дидактикалық ойын ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеудің құралы болып табылады. Дидактикалық ойынмен ұйымдастырылған сабак балаларға көнілді жеңіл келеді. Сондықтан дидактикалық ойынды іріктеп алуға нақтылы сабактың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескертуге ерекше назар аударған жөн.

Дидактикалық ойын – балалар үшін оку да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол балаларға өмірде кездескен қыншылықтарды жеңу

жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларға белгілі – бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс - әрекет.

Дидактикалық ойындардың мақсаты:

1. Багдарламада анықталған білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру;
2. Багдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;
3. Багдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тиянақтау және бекіту;
4. Багдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қайталау және пысықтау;
5. Багдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тексеру.

Дидактикалық ойынның міндегі:

1. Баланың іс – әрекетке қызығушылығын туғызу;
2. Баланың белсенділігін арттыру.

Мектепке дейінгі ұйымда жүргізілетін тәрбиелеу және оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Корытындылай келе, ойын – баланың білім – білік дағдысын қалыптастыратын негізгі тәрбие қуралының бірі. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрлі ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін даудыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді.

Қимыл-қозғалыс ойыннанда балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапалар тәрбиеленеді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады.